



ШЕШІМ

14.12.2022

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

276/36-VII

№

город Астана

**Астана қаласы мәслихаты
хатшысының атқарылған
жұмыстар туралы есебі**

Астана қаласы мәслихатының хатшысы Е.Е. Каналимовтың мәслихат қызметін ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы есебін тыңдап және талқылап, мәслихат сессиясы мәслихат пен тұрақты комиссияларының қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға және қалалық мәслихат жұмысының регламентіне сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтеді.

2021 жылғы қаңтардан бастап 2022 жылғы 24 қарашаға дейінгі кезеңде Астана қаласының мәслихаты (бұдан әрі – Мәслихат) 35 сессия өткізді, оның ішінде: 7 кезекті және 28 кезектен тыс. 270-тен астам мәселе қаралды, олар бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Мәслихаттардың практикадағы рөлін күшейту заң шығару қызметіне белсенді қатысу арқылы іске асырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізілді. Мәселен, мәслихаттар мәртебесін нығайту жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары қолдады және мәслихаттар депутаттарының құқықтық мәртебесін айқындау және мәслихаттар хатшыларының мәртебесін арттыру жөніндегі мәселе оларға мәслихаттар сессияларын төраға ретінде жүргізу құқығын бере отырып, өз өкілеттіктері кезеңінде, бірақ мәслихаттардың екіден аспайтын тұрақты комиссияларының төрағалары тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адамдар ретінде бекітілді. Сондай-ақ, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында мәслихат депутаттарының

біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру мәселесі шешілді.

Мәслихат жұмыс істеген кезеңде және әсіресе, ағымдағы жылдың басынан бастап Мәслихат жергілікті атқарушы органдардың елорданың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын орындауын, оның ішінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қалыптастыру процесіне қатысу арқылы бюджеттік бағдарламаларды бекітуді бақылау жөніндегі функцияларды толық көлемде жүзеге асырды. Бюджетті нақтылау барысында депутаттар қаржы ағындарын бөлудің басымдығын айқындады.

Мәслихат әлеуметтік сала қызметкерлерінің жалақысын көтеру (мәдениет, спорт, кітапханалар, архивтер және т.б.); елордалық құтқарушыларға әлеуметтік көмек көрсетуге қаражат бөлу; газға қосу кезінде аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсету; мүгедек балалар мен ересектерді оналту және басқа да көптеген мәселелер бойынша ұсыныстарды қолдай отырып, елорданың әлеуметтік саласын дамытуға үлкен үлес қосты.

Сондай-ақ елордалық мәслихат депутаттары ақылы тұрақ қызметтері үшін қолданыстағы тарифтердің көтерілуіне қарсы шығып, айыппұлдардың мөлшерін азайту жағына қарай қайта қарауды ұсынды, ақылы тұрақтардың жанында баламалы тегін тұрақтар құру, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметін ақпараттық сүйемелдеуде жүйелі және салмақты тәсілді және бағдарламаларды іске асыру барысында олардың арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша мәселені көтерді.

Мәслихат пен оның органдары сессияларының барлық пленарлық отырыстары халық үшін ашық және қолжетімді болғанын атап өткен жөн. Депутаттық корпусстың жұмысы туралы халықты кеңінен ақпараттандыру үшін сессия отырыстарының, тұрақты комиссиялардың, мәслихаттың жария тыңдауларының әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциясы қамтамасыз етілді. Жергілікті жерлердегі жағдайды зерделеу мақсатында аталған іс-шаралармен қатар 200-тен астам көшпелі отырыс өткізілді, олардың жұмысына мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, еңбек ұжымдарының басшылары қатысты.

Тұрғын үй алаптарын абаттандыру деңгейін арттыру бойынша мақсатты жұмыстың қорытындысы атқарушы органдармен Астана қаласы Алматы ауданының Оңтүстік-Шығыс, ш/а кешенді даму жоспарын әзірлеу бойынша бірлескен жұмыс болып табылады. Осы жоспарға ұқсас, тұрғын үй алаптарын дамыту жоспарлары дайындалды.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу, қала аудандарының тұрғындарымен кездесу қорытындысы бойынша негізгі проблемалық мәселелер жүйеленді. Нәтижесінде болжамды шығыстар мен қаржыландыру көзін ескере отырып, үш жылдық кезеңге арналған жұмыс жоспарлары дайындалды.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Астана қаласы мәслихатының хатшысы Е.Е. Каналимовтың мәслихат қызметін ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы есебі назарға алынсын.

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы



Е. Каналимов